8D01720 – «Орыс тілі және әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Атыгаева Жания Еркынкызының «Орыс тілін оқыту барысында оқушылардың әлеуметтік-мәдени құзыреттілігін қалыптастырудағы инновациялық әдістер» тақырыбындағы диссертациясының

АҢДАТПАСЫ

Зерттеудің өзектілігі. Қазақстан Республикасындағы мәдениетаралық өзара әрекеттесудің артуы және көптілді білім беру ерекшеліктері жалпы оқушылардың әлеуметтік-мәдени құзыреттілігін қалыптастыруға, әсіресе орыс тілін екінші тіл ретінде оқыту барысында, қойылатын талаптарды күшейтеді. Бұл жағдайда тіл тек қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен қатар мәдени нормаларды, құндылықтар мен сөйлеу мінез-құлқының үлгілерін меңгеру құралы болып табылады.

Нормативтік құжаттар мен оқу материалдарын талдау әлеуметтік-мәдени компоненттің негізінен сипаттамалық түрде берілетінін, ал тапсырмалардың мәдени мағыналарды интерпретациялауға және оларды сөйлеу тәжірибесінде қолдануға жеткілікті дәрежеде бағытталмағанын көрсетеді. Әлеуметтік-мәдени мазмұнның осылай берілуі негізінен мәдени ақпаратты қайта жаңғыртуды көздейді, ал оны ұғыну және коммуникативтік жағдаяттарда қолдану қосымша әдістемелік қамтамасыз етуді қажет етеді.

Білім алушылардың цифрлық әлеуметтенуі мен ақпаратты мультимодалды қабылдауына байланысты когнитивтік және коммуникативтік қажеттіліктерінің өзгеруі маңызды фактор болып табылады, бұл оқу үдерісіне әртүрлі таңбалық жүйелерді, коммуникативтік модельдеуді және сөйлеу әрекеттестігінің белсенді түрлерін енгізуді талап етеді. Осындай жағдайда мультимодалды құралдарды қолдануға және оқушыларды интерпретациялық және коммуникативтік іс-әрекетке белсенді тартуға негізделген әлеуметтік-мәдени құзыреттілікті қалыптастырудағы инновациялық әдістерді әзірлеу және енгізу өзекті болып табылады.

Зерттеу нысаны – қазақ тілінде оқытатын мектептегі орыс тілі сабақтарында 5-6 сынып оқушыларының әлеуметтік-мәдени құзыреттілігін қалыптастыру үдерісі.

Зерттеу пәні – қазақ тілінде оқытатын мектептегі орыс тілі сабақтарында 5-6 сынып оқушыларының әлеуметтік-мәдени құзыреттілігін қалыптастырудағы инновациялық әдістер және олардың оқушылардың оқу үдерісіне тартылуына әсері.

Зерттеудің мақсаты – орыс тілін екінші тіл ретінде оқыту барысында 5-6 сынып оқушыларының әлеуметтік-мәдени құзыреттілігін қалыптастыру мен оқу үдерісіне тартылуын арттырудағы инновациялық әдістердің тиімділігін анықтау.

Мақсатқа қол жеткізу және болжамды тексеру үшін келесі **міндеттер** қойылды:

1) Зерттеудің теориялық негізі ретінде орыс тілін оқыту барысында оқушылардың әлеуметтік-мәдени құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми негіздерін жүйелеу.

2) Әлеуметтік-мәдени құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған мақсаттар мен тапсырмалардың ұсынылу дәрежесін анықтау үшін нормативтік құжаттар мен оқу материалдарына контент-талдау жүргізу.

3) Әлеуметтік-мәдени құзыреттіліктің қалыптасу деңгейін бағалауға арналған диагностикалық құралдарды әзірлеу, оқу үдерісіне тартылуды бағалау құралдарын бейімдеу және олардың негізінде 5-6 сынып оқушыларының әлеуметтік-мәдени құзыреттілігінің қалыптасуы мен оқу үдерісіне тартылуының бастапқы деңгейлерін анықтау.

4) Ақпаратты ұсынудың мультимодалды құралдарын пайдалана отырып, оқушылардың әлеуметтік-мәдени құзыреттілігін қалыптастырудың инновациялық әдістері негізінде семиотикалық трансформация әдісін, мультимедиялық және зияткерлік цифрлық технологияларды қолдануға негізделген рөлдік ойынды және лингвистикалық ландшафтпен жұмысты қамтитын тапсырмалар жүйесін әзірлеу.

5) Әзірленген тапсырмалар жүйесін білім беру үдерісіне енгізу және тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелері негізінде оның тиімділігін бағалау.

Зерттеу материалдары ретінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, орыс тілінде оқытпайтын мектептердің 5-9-сыныптарына арналған «Орыс тілі мен әдебиеті» пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы, қазақ тілінде оқытатын мектептердің 5-6-сыныптарына арналған «Орыс тілі мен әдебиеті» пәні бойынша оқулықтар, сондай-ақ «Павлодар қаласының № 2 жалпы орта білім беру мектебі» КММ базасында жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыс материалдары пайдаланылды.

Зерттеудің ғылыми болжамы: егер 5-6 сынып оқушыларына орыс тілін оқытуда инновациялық әдістер (семиотикалық трансформация, мультимедиялық және зияткерлік цифрлық технологияларды қолдануға негізделген рөлдік ойын және лингвистикалық ландшафтпен жұмыс) қолданылса, онда бұл олардың әлеуметтік-мәдени құзыреттілігінің қалыптасу деңгейін арттыруға ықпал етеді.

Зерттеу әдістері:

– теориялық әдістер (ұғымдық-терминологиялық талдау, контент-талдау, ғылыми ақпаратты жүйелеу және типологиялау);

– эмпирикалық әдістер (әдістемелік эксперимент, бақылау, жазбаша сауалнама, тестілеу, оқушылар әрекетінің нәтижелерін талдау);

– зерттеудің қалыптастыру кезеңін ұйымдастыру және жүзеге асыру әдістері (педагогикалық модельдеу, тапсырмалар жүйесін әзірлеу, визуалды және мультимодалды материалдармен жұмыс істеу);

– математикалық статистика әдістері (орташа және медианалық мәндерді есептеу, бақылау және эксперименттік топтардың көрсеткіштерін салыстыру үшін Пирсонның χ^2 критерийін қолдану).

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

1. 5-6 сыныптарға арналған орыс тілі мен әдебиеті бойынша нормативтік құжаттар мен оқу материалдарында әлеуметтік-мәдени компоненттің ұсынылу ерекшеліктері анықталды: әлеуметтік-мәдени материал негізінен сипаттамалық түрде беріліп, мәдени мағыналарды интерпретациялауға және оларды сөйлеу тәжірибесінде қолдануға бағытталған тапсырмалар шектеулі қолданылады.

2. Орыс тілін екінші тіл ретінде меңгеретін 5-6 сынып оқушыларының әлеуметтік-мәдени құзыреттілігінің қалыптасу деңгейін анықтауға арналған индикаторлар мен диагностикалық құралдар әзірленіп, оқу үдерісіне тартылуды бағалау құралдары бейімделді.

3. 5-6 сынып оқушыларының әлеуметтік-мәдени құзыреттілігінің қалыптасуы мен оқу үдерісіне тартылуының бастапқы деңгейлері анықталды: әлеуметтік-мәдени құзыреттілік компоненттердің біркелкі дамымауымен және интерпретациялық әрі коммуникативтік-прагматикалық біліктердің жеткіліксіз көрініс табуымен, ал оқу үдерісіне тартылу орта және төмен деңгейлердің басымдығымен сипатталады.

4. Ақпаратты ұсынудың мультимодалды құралдарын пайдалана отырып, оқушылардың әлеуметтік-мәдени құзыреттілігін қалыптастырудың инновациялық әдістері негізінде семиотикалық трансформация әдісін, мультимедиялық және зияткерлік цифрлық технологияларды қолдануға негізделген рөлдік ойын әдісін және лингвистикалық ландшафтпен жұмыс істеу әдісін қамтитын тапсырмалар жүйесі әзірленіп, енгізілді.

5. Инновациялық әдістерді қолданудың тиімділігі эксперименттік тұрғыдан дәлелденді, бұл әлеуметтік-мәдени құзыреттіліктің қалыптасу деңгейі мен оқушылардың оқу үдерісіне тартылуының оң динамикасымен расталды.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы қазақ тілінде оқытатын мектептер жағдайында «әлеуметтік-мәдени құзыреттілік» ұғымының құрылымы мен мазмұнын нақтылауда, сондай-ақ мультимодалды білім беру ортасы жағдайында оқушылардың әлеуметтік-мәдени құзыреттілігін қалыптастырудағы инновациялық әдістерді теориялық тұрғыдан негіздеуде көрінеді. Жұмыста қазақ тілінде оқытатын мектептердегі орыс тілі сабақтарында 5-6 сынып оқушыларының әлеуметтік-мәдени құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған оқу материалын іріктеу және оқу іс-әрекетін ұйымдастыру қағидаттары негізделді.

Қорғауға ұсынылатын қағидалар:

1. 5-6 сыныптарға арналған орыс тілі мен әдебиеті бойынша нормативтік құжаттар мен оқу материалдарында әлеуметтік-мәдени компонент негізінен сипаттамалық түрде берілген, ал мәдени мағыналарды интерпретациялауға және оларды сөйлеу тәжірибесінде қолдануға бағытталған тапсырмалар шектеулі қолданылады.

2. 5-6 сынып оқушыларының әлеуметтік-мәдени құзыреттілігінің қалыптасу деңгейін бағалау оның компоненттерінің даму дәрежесін анықтауға мүмкіндік беретін әзірленген диагностикалық құралдар негізінде, ал оқу үдерісіне тартылуды бағалау бейімделген құралдар негізінде жүзеге асырылады.

3. 5-6 сынып оқушыларының әлеуметтік-мәдени құзыреттілігінің бастапқы қалыптасу деңгейі оның компоненттерінің біркелкі дамымауымен және

интерпретациялық әрі коммуникативтік-прагматикалық біліктердің жеткіліксіз көрініс табуымен, ал оқу үдерісіне тартылуы орта және төмен деңгейлердің басымдығымен сипатталады.

4. Ақпаратты ұсынудың мультимодалды формаларын қамтитын, оқушылардың әлеуметтік-мәдени құзыреттілігін қалыптастырудағы инновациялық әдістер негізінде әзірленген тапсырмалар жүйесін пайдалану репродуктивті әрекеттен мәдени мағыналарды интерпретациялауға және оларды сөйлеу тәжірибесінде қолдануға көшуді қамтамасыз етеді.

5. Оқушылардың әлеуметтік-мәдени құзыреттілігін қалыптастырудың инновациялық әдістері негізінде әзірленген тапсырмалар жүйесінің тиімділігі олардың әлеуметтік-мәдени құзыреттілігінің қалыптасу деңгейі мен оқу үдерісіне тартылуының оң динамикасымен расталады.

Зерттеуде орыс тілін екінші тіл ретінде оқыту барысында әлеуметтік-мәдени құзыреттілікті қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері қарастырылып, оның коммуникативтік құзыреттілік құрылымындағы орны айқындалды және лингвистикалық, прагматикалық, этикалық, эстетикалық және елтанымдық компоненттерді қамтитын құрамы нақтыланды.

5-6 сыныптарға арналған «Орыс тілі мен әдебиеті» пәні бойынша нормативтік құжаттар мен оқу материалдарына жүргізілген контент-талдау әлеуметтік-мәдени мазмұнның негізінен сипаттамалық түрде берілетінін, ал тапсырмалардың мәдени мағыналарды интерпретациялауға және оларды сөйлеу тәжірибесінде қолдануға жеткілікті дәрежеде бағытталмағанын көрсетті.

Әлеуметтік-мәдени құзыреттіліктің қалыптасу деңгейін анықтауға арналған диагностикалық құралдар әзірленіп, апробациядан өткізілді, оқу үдерісіне тартылуды бағалау құралдары бейімделді, бұл зерттелетін көрсеткіштерді кешенді бағалауға мүмкіндік берді.

Әлеуметтік-мәдени құзыреттіліктің бастапқы қалыптасу деңгейі оның компоненттерінің біркелкі дамымауымен және интерпретациялық әрі коммуникативтік-прагматикалық біліктердің жеткіліксіз көрініс табуымен, ал оқу үдерісіне тартылу орта және төмен деңгейлердің басымдығымен сипатталатыны анықталды.

Орыс тілін екінші тіл ретінде оқыту барысында 5-6 сынып оқушыларының әлеуметтік-мәдени құзыреттілігін қалыптастыру моделі әзірленді, онда қазіргі оқушылардың қабылдау ерекшеліктері мен қазіргі білім беру ортасының мультимодалды сипаты ескерілген. Модель семиотикалық трансформация әдісін, мультимедиялық және зияткерлік цифрлық технологияларды қолдануға негізделген рөлдік ойын әдісін және лингвистикалық ландшафтпен жұмыс істеу әдісін біріктіреді, оларды жүзеге асыру механизмі мультимодалды ақпаратты қабылдау мен талдауды, мәдени мағыналарды интерпретациялауды және коммуникативтік жағдаяттарды модельдеуді қамтиды.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс «Павлодар қаласының № 2 жалпы орта білім беру мектебі» КММ базасында қазақ тілінде оқытатын 5-6 сыныптарда жүргізілді. Зерттеуге бақылау және эксперименттік топтарға бөлінген 149 оқушы қатысты.

Эксперимент нәтижелері мен оларды статистикалық өңдеу (орташа және медианалық мәндер, Пирсонның χ^2 критерийі) әлеуметтік-мәдени құзыреттіліктің қалыптасу деңгейінің оң динамикасын көрсетті: оның компоненттері бойынша көрсеткіштердің өсімі 18-31 пайыздық тармақты құрады. MSES бейімделген әдістемесін қолдану арқылы жүргізілген оқу үдерісіне тартылуды диагностикалау эксперименттік топ оқушыларының оқу белсенділігі деңгейінің артқанын көрсетті: орта және жоғары деңгейдегі оқушылардың үлесі артты, ал төмен деңгейдегі оқушылардың үлесі азайды.

Зерттеудің тәжірибелік маңыздылығы қазақ тілінде оқытатын мектептердің 5-6 сыныптарындағы «Орыс тілі мен әдебиеті» пәні үшін диагностикалық құралдарды, әлеуметтік-мәдени құзыреттілікті қалыптастырудағы инновациялық әдістерді және оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеуден тұрады. Зерттеу нәтижелері орыс тілін екінші тіл ретінде оқыту барысында оқу тапсырмаларын әзірлеу мен мультимодалды жұмыс формаларын ұйымдастыру кезінде пайдаланылуы мүмкін.

Диссертациялық зерттеу көптілді білім беру жағдайында оқытудың мазмұны мен әдістерін жетілдіруге бағытталған Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың басым бағыттарына сәйкес келеді. Зерттеу нәтижелері оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға, коммуникативтік және әлеуметтік-мәдени құзыреттіліктерін қалыптастыруға және заманауи оқыту әдістерін енгізуге бағытталған Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы мемлекеттік бағдарламаларымен және стратегиялық құжаттарымен үйлеседі. Әлеуметтік-мәдени құзыреттілікті қалыптастырудың әзірленген инновациялық әдістері іс-әрекетке негізделген, интерпретациялық және коммуникативтік бағыттағы оқыту формаларына көшуге байланысты білім беру мазмұнын жаңарту міндеттеріне сәйкес келеді, сондай-ақ мультимодалды және цифрлық білім берудің қазіргі үрдістерімен үйлеседі.

Зерттеу нәтижелерінің апробациясы Scopus халықаралық дерекқорында индекстелетін журналда 1 мақаланы, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда 5 мақаланы, Ресейлік ғылыми дәйексөз индексіне енгізілген басылымда 1 мақаланы, сондай-ақ халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялар материалдарында 5 жарияланымды жариялау арқылы жүзеге асырылды.

Диссертацияның құрылымы. Диссертациялық жұмыс кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған дереккөздер тізімінен және қосымшалардан тұрады. Пайдаланылған дереккөздер тізімі 199 атауды қамтиды, оның ішінде 105-і шет тілдерінде. Жұмыста 104 сурет және 5 кесте берілген.